

ДУМАН РАМАЗАН
«СОҢҒЫ ДЕМ»



ДУМАН РАМАЗАН

Жазушы, журналист, аудармашы, зерттеуші, драматург Думан Әмірғалиұлы Рамазан 1967 жылғы 1 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысы, Абай ауданы, Қызылту кеңшарында дүниеге келген. 1984 жылы осы кеңшардағы Кеңес Одағының батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы орта мектепті бітірген. 1985-92 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультетінде оқыған.

Одан соң М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын тәмамдаған. Ұзақ жыл республикалық «Халық кеңесі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет істеген. Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында Әдебиет бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан Саяси зерттеулер орталығының бас директоры қызметтерін атқарған. Қазір «Әлем әдебиеті» журналының бас редакторы.

Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесінде өз елінің тағдырына деген алаңдаушылық байқалады. Әңгіме қазақ жерінде жасалған сынақтардың кінәсіз құрбандары жайлы толғанысқа толы.

Семей ядролық полигонының жарылыстарынан зардап шеккен бір ауылдың тұрғындары мен Нүркен отбасынының тас-талқан болған тағдырлары баяндалады. Иен қалған ауылда өсіп жатқан жас ұрпақтың тағдыры да оқырманды бей-жай қалдырмайды. Адамдардың ойлау жүйесіндегі кереғар тұстар нанымды бейнеленген. Автор ара-арасында Семей өлкесіндегі сәбилер өлімінің ұлғайғандығы, қаншағы көтерілгендігі жайлы тәрізді құрғақ деректерді де келтіреді. Жанталаса қаруланудың тежеусіз салдары әлемдік экологиялық дағдарысты тереңдете түскендігі оқырманның бойын шымырлатарлықтай деңгейде.



«Айналадағы шөп сарғайып, қурай бастаған. Ойы он сақта, өзен жағасымен ілби басып келе жатқан Гүлжан су бетінде қалқып жүрген өлі шабақтарды көргенде әрі - сәрі күйге түсті. "Қайран, "Шаған" бір кездері көздің жауын алатындай мөлдіреп, арнасына симай буырқанып жататын арынды өзен емес пе едің!" Кенет, қатты жел тұрды. Аспанды қара қошқыл бұлттар қаптап, жаңбыр себезгілей бастады. Ауылға тақай бергенде әлденені шоқып жатқан үш күзғынды көзі шалды. Гүлжан жақындағанда олар дүркірей көкке көтеріліп, жерде жүні жұлмаланып, ішек-қарны ақтарылған ақ көгершін жатты».

Әңгіменің басталуында көрер таңды көзімен атқарып, қиналып жатқан Нұрбекті кездестіреміз. Небары үш-ақ кейіпкер. Осылар арқылы сол заманның ауыр тұрмысын, қарапайым халықтың басындағы дауасы жоқ дертті көрсетеді. Қолынан аурудан құтқарар дәрмені жоқ дәрігердің емі де жоқ. Тек ащы суды іше берсін, көбірек ішсін деген ем-дом жасайды. «Нұрбек көрер таңды көзімен атқарды. Терезенің сынығынан аңқылдаған салқын желден үй іші азынап тұр. Суықтан бойы тітіркеніп көрпе астында бүрісе түседі. Шырмауықтай шырмаған ауыр ойдан арыла алар емес. Басы мең-зең. Төрде жатқан әйелі мен қыздары алаңсыз ұйқы құшағында. Нұрбек олардың ысырылып қалған көрпесін жапқысы келіп, басын көтеруі мүң екен, тұла бойы дуылдап қоя берді.

Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үнілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану , тынбай іздену керек болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда Д.Рамазан кейіпкерінің халінен хабар бере отырып, оның жан күйзелісін ашуға, оның себеп-салдарына талдау жасай алған. Нұрбек жаны неге соншама қиналыс үстінде. Күйеуінің қинала шыққан даусынан келіншегі Гүлжан оянып кетеді. Нұрбек ауруын жұқтырып алам дей ме ешкімді жанына маңайлатпайды. Гүлжанның «Арыстай азамат-ай».. Ай,өмір-ай. Бір уыс болып, бүрісіп жатқанын қарашы» деген сөздерінен жан азабын тартып жатқан Нұрбекке деген аяушылығын көреміз. Қолынан келер дәрмен жоқ. Сиырын саууға бара жатып, Гүлжан Қаншайым әжейден хал сұрайды. Қаншайым халі де тым ауыр.



3-тапсырма: Мәтінді тыңдап , көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жаз:

1. Семей ядролық полигоны ... жылы ашылды
2. Онда атом бомбаларын ... өткізді.
3. Бұл ядролық сынақтардан 500 мыңдай адам
4. Семей ядролық полигонында ... ядролық сынақ жасалды.
5. 116 сынақ ашық жасалды.
6. Полигон ... жылы жабылды.

**7-тапсырма: Мәтін ішінде берілген жаңа сөздердің мағынасына
назар аудар.**

Дем, бөбешік, танау, таңдай, жарымжан, сілкіктіп, жарылыс, ақырзаман,
жара, ұлғайып, семіп, жидіп.

8-тапсырма

Көтерілген
жалпыадамзатты
қ мәселе



Сіздің пікіріңіз?

